

Жақсы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 6BC-20-2 "Сот шешімімен Жақсы ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 10 қарашадағы № 7BC-14-4 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 қарашада № 25299 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабына сәйкес, Жақсы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жақсы аудандық мәслихатының "Сот шешімімен Жақсы ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 6BC-20-2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6344 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жақсы аудандық
мәслихатының хатшысы*

Д.Пшембаева